



№ 23 (1492)
25 маусым
2013 жыл

УНИВЕРСИТЕТІ

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Ғылымда ҚазҰУ ғалымдарының үлесі басым

21 маусым күні Ғылым ордасында өліміздегі ғылыми кадр дайындаудың жаңа үлесі бойынша дайындалған алғашқы түлектерге диплом табыстау рәсімі өтті. Биылғы жылы ғылым өлемін 94 ғалым толықтырса, оның ішінде 44-і ҚазҰУ өкілдері болып табылады.

2011 жылы қабылданған «Ғылым туралы» заңның жүзеге асуы нәтижесінде ғылым докторларының жаңа толқыны қанат қақты. Қазақстан ғылымындағы айтулы іс-шараға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі М. Орынханов арнайы қатысып, жаңа ғылыми дәреже мен атақ алғандарды құттықтады. Ол заман галабына сай жаңаша әдіспен білім алған мамандардың алдыңғы буынның жолын жетістікпен жалғастыратынына сенім білдірді.

Елімізде PhD докторантура моделінің енгізілуі 2005 жылдан басталған болатын. Ал 2011 жылдан бастап философия докторы (PhD) ғылыми дәреже ретінде саналады. Соңғы екі жылдың ішінде ЖОО-ларда 450-ге жуық докторант оқу бағдарламасын толық аяқтады. Оның 194-і диссертациясын қорғап шыққан. Қазіргі таңда 189-на философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілді.

PhD докторантураға мемлекеттік тапсырыс біртіндеп көбейтілуде. Ағымдағы



жылда ол 500 орын болса, 2015 жылы – 1000, ал 2020 жылдары 2000-ға дейін өспек.

Ғылымға ден қойып, білімін тереңдету арқылы жаңа ғылым атағы мен дәрежесін алған университет ғалымдарына ректор Ғалым Мұтанұлы қолдау білдіріп, қуаныштарын бөлісіп қайтты. Марапат иелеріне

шығармашылық табыс, биік жеңістер тіледі.

ҚазҰУ-да «Политология» мамандығы бойынша философия докторлығын (PhD) алған Қадыржан Смағұлов: «Жаңа жүйе жағымды қырларымен танылып үлгерді. Соның бірі – шетелге шығу мүмкіндігі. Біз әлемдік мамандармен пікір алмасып, бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алдық», – дей келе, қашан да жан-жақты көмек көрсетуден танбаған университет басшылығы мен ұстаздарына шексіз алғысын білдірді.

ҚазҰУ қашанда озық дәстүрлер мен жаңашылдықтың жаршысы болудан танған емес. Университетті тәмамдаған биылғы жаңа докторлар легі де осы қағиданы дәлелдей түсті. Ұлттық және әлемдік тәжірибеге сүйенген қасиетті қара шаңырақтың өлі талай сапалы ғылыми кадр дайындау арқылы Қазақстан ғылымына өзіндік үлесін қоса берері де анық.

Аяғөз АЙТҚАЛИЕВА,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

Әлемдік білім кеңістігіне апарар жол

Үздік нәтижеге қол жеткізу – ҚазҰУ ұжымының негізгі ұстанымы. Кәсіби білікті маман ретінде өз білімін жетілдіру, отандық және шетелдік тәжірибені білу және қолдану да ҚазҰУ қызметкерлеріне қойылар талаптың бірі екені баршаға аян. Осы тұрғыда оқытушы-профессорлық құрамның әрбір мүшесінің, кафедра мен факультеттің сан-салалы қызметі мен жетістіктерін саралаудың мәні аса зор. Себебі университеттің мәртебесі мен табыстары ұжым еңбегімен тікелей байланысты. ҚазҰУ-да жыл сайын екі рет жүргізілетін индикативті жоспар мен бір рет қорытындыланатын рейтингтік жүйе осы мақсатта жүйеге қосылған болатын. Кешегі ғылыми кеңес және ректорат мәжілісінде басты назар рейтингтік жүйенің 2012-2013 оқу жылындағы қорытындыларына аударылды.

2013 жылғы рейтинг ерекшеліктері мен көрсеткіштері жайлы Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы баяндады. Ағымдағы жылдың көрсеткіштер саны оқу әдістемелік жұмыстар бойынша – 53, ғылыми зерттеу жұмыстары мен халықаралық әріптестік бойынша – 75, әлеуметтік жұмыс бойынша – 43 болса, салмақтық коэффициенті ОӘЖ – 0,35, ҒЗЖ+ХӨ – 0,5, ӘЖ – 0,15-ті құраған. Бірінші проректор факультеттер көрсеткішіне тоқталды. 14 факультеттің ішінде төртеуі – 9000-11000, сегізі – 5000-9000 аралығында, екеуі – 2000-нан төмен балл жинаған. Ал факультеттердің орташа рейтингтік балы 7105-ке тең.

Сонымен балл қосындылары бойынша факультеттер рейтингінде физика-техникалық, биология және биотехнологиялық, химия және химиялық технология факультеттері көш бастады. Ал, штаттық кесте бойынша өнімділік рейтингісіне жүгінсек, алдыңғы орынға физика-техникалық, химия және химиялық технология, заң факультеттері шығып отыр. Сондай-ақ Мұхамбетқали Мырзабайұлы шетелдік студенттер саны, оның ішінде тағылымдама және өндірістік тәжірибе, жазғы мектеп арқылы білім алатын шетелдіктер, шетелдік профессорлар жайында мол мағлұмат берді. Ол ОПҚ мен студенттердің

академиялық ұтқырлығы мен шетелдік тәжірибе алмасуда белсенділігі артқанын ерекше атап өтті.

Университетіміздің жылдан-жылға алға қадам басып, қарқынды түрде дамып келе жатқандығын рейтинг қорытындысы дәлелдей түсті. Ректор Ғалым Мұтанұлы: «Байқап отырғандай, стратегиялық басым бағыттар бойынша өсу айқын. Оның бастысы – ғылыми-зерттеу жұмыстарының көрсеткіші биыл екі есе өсіп отыр. Біз бір орында тұрмай, заман сұранысына сай алға жылжудамыз. Өз мүмкіншіліктерімізді дұрыс бағытта білсек, әлемдік білім кеңістігіндегі лайықты орнымызды аламыз. Рейтинг нәтижесі осыны аңғартып отыр, – деп пікір білдірді. Ол мақсатқа жету үшін деңгейімізді анықтауда рейтингтік жүйенің көптеген септігі тиетінін айтты. Сөйтіп, университет қызметін жандандыру үшін іске қосылған рейтингтік жүйенің биылғы көрсеткіштері көңіл қуантты. Сондай-ақ ректорат мүшелері оны жетілдіре түсу жайлы өз ұсыныстарын ортаға салды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНАА:

БҮГІНГІ САНАА:

БҮГІНГІ САНАА:

ӨЗГЕШЕ
ЭКСПЕДИЦИЯ



2-бет

ЭКСПО - 2017 КӨРМЕСІ:
САЯСАТ ПЕН СЕНІМ
САЛТАНАТЫ



4-бет

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ
СТУДЕНТТІК КЕЗ



8-бет

Өзгеше экспедиция

20 маусымда Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің қолдауымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің «Қазақ елі» студенттік ғылыми экспедициясы жұмысын бастады. «Елден елге» акциясы аясында студенттік ғылыми экспедиция еліміздің Маңғыстау, Қызылорда, Семей өңірлерінде зерттеулер жүргізбек. Олар журналистика факультетінің 2-курс студенттері Арайлым Әкім, Ақсауле Әбітай және Айдос Өріпбаев. Жоба жетекшісі саяси ғылымдарының докторы, профессор Гүлмира Серікбайқызы Сұлтанбаева. Университет қабырғасының тарихында бұл алғашқы студенттік экспедиция. Басым бағыттағы стратегиялық мақсаттар бойынша зерттеу журналистиканың дамуына және Қазақстанның ақпараттық кеңістігі арқылы халықаралық мәдениеттер тоғысының онжылдығына енуіне – экспедицияның ең басты мақсаттары.

ҚазҰУ тарихындағы тұңғыш «Қазақ елі» студенттік ғылыми экспедициясы барысындағы басты оқиға – ауыл тағдыры, ел жағдайына арналған «Ауылға хат» ақпараттық науқаны болмақ. 20 маусым күні әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасында өткізілген конференцияда 3-курс студенті Екатерина Журавлева өзінің хатын оқып, өзіндік ой-пікірін жеткізді. Аталмыш науқан аясында басқа да бірнеше студенттер хаттарын оқып, сертификатқа ие болды. Осы шара арқылы республикамыздың Маңғыстау, Қызылорда және Семей өңірлерінде ауыл тағдыры, ел жағдайына арналған «Ең үздік хаттар топтамасы» баспасөз маслихатында аталып, сондай-ақ өңірлердегі құзырлы ұйымдарға табыс етіледі. Бұл ғылыми жорықтың нәтижесінде 2013 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігіне орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да серіктес ұйымдардың – ҚР БҰҰ Ақпараттық Бюросы мен Алматы қаласы ЮНЕСКО Кластерлік бюросы қолдауымен халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, онда «Рухани қазына» атты ғылыми зерттеулер жинағының тұсаукесері өтеді деп жоспарлануда. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері «Қазақстан халқының материалдық емес құндылықтары атласына» енгізіліп, I Гуманитарлық Форумда таныстырылады деп күтілуде.

Жадыра ҮМБЕТБАЕВА



INTEL *оказывает поддержку*

В начале июня на механико-математическом факультете КазНУ состоялась встреча декана и заведующих кафедрами с Александром Авдеевым, директором корпорации Intel в России и СНГ по развитию бизнеса.

Intel – корпорация, производящая широкий спектр электронных устройств и компьютерных компонентов, включая микропроцессоры, наборы системной логики и др. Необходимость встречи была определена тем, что механико-математический факультет уже достаточно давно активно использует разработки указанной компании, что требует регулярного обновления и совершенствования существующих технологий, используемых нашими учеными для вычисления задач в прикладной области.

В рамках встречи был организован семинар, на котором представитель Intel пообещал оказывать поддержку университету при организации научных конференций, семинаров, крупных столов, студенческих олимпиад и конкурсов, организовывать вебинары. Он подчеркнул, что при заказе обновления программного обеспечения будут открыты курсы для желающих повысить свой уровень знаний в области высокопроизводительных вычислений. А.Авдеев пригласил наших коллег участвовать в семинаре «Обучение для будущего», который пройдет в Алматы в августе текущего года. С пользой была проведена презентация новой продукции Intel. Также была достигнута определенная договоренность об открытии центра компетенций по высокопроизводительным вычислениям на базе кафедры математического и компьютерного моделирования. Все это осуществляется с целью поддержки прорывного проекта, предложенного кафедрой МКМ.

Оксана КАРУНА,
заместитель заведующего кафедрой
математического и компьютерного моделирования

Әлемдік танымал «КОНИКА МИНОЛТА»

компаниясы ҚазҰУ-да озық технологиялар
зертханасын ашады

Келісім «Коника Минолта» (Еуропа Бизнес Солюшенс бөлімі) компаниясы делегаттарының университет басшылығымен кездесуі барысында жасалды.

ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов: «Осы меморандумға қол қою және зертхана ашу арқылы университетіміз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050»

Жапондық компания өз тарапынан лабораторияны жабдықтармен қамтамасыз етуге дайын екендіктерін білдірді. Сондай-ақ, ҚазҰУ студенттері алдыңғы қатарлы технологияларды



Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында айтылған бағдарламалық тезистерін басты бағытқа алатынын дәлелдеп отыр. Бұл оқу бағдарламаларына жаңа оқу технологияларын енгізу, өндірістік тәжірибені бекіту, ғылым мен бизнестің толыққанды кооперациясы, жұмыс берушілерді оқу үдерісіне тарту болып табылады, – деді.

«Біз ҚазҰУ-да озық технологиялармен жабдықталған зертхана жасаймыз. Онда университет студенттері білім алып, тәжірибе жинақтап, заманауи полиграфиялық және IT саласында өз біліктіліктерін арттыра алады. Бұл жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруда пайдалы болады», – деді «Коника Минолта» бизнес операциясының бас менеджері Акира Фуджита.

лабораторияда өтетін тәжірибелік сабақтарда және де Коника Минолта Академиясының онлайн-курстары арқылы оқып-білуге мүмкіндік алмақ. Оқу мерзімі аяқталғаннан кейін үздік студенттер компанияның еуропалық бөлімшелерінде машықтанудан өтетін болады.

«Коника Минолта» – жапондық холдинг, фотоқұралдарын, факс аппараттарын, лазерлі принтер, медициналық және өлшеуіш құрал-жабдықтарын, оптикалық компоненттерін шығаратын әлемдегі жетекші өндіруші болып табылады. Бейнелеу саласындағы құрылғылар жасауда көшбасшы бола тұра, компания толық түрлі-түсті баспа өнімдерін, кеңсе және ұйымға қажет өнімдер шығаруға да көңіл бөліп келеді.

Алина БОДЕНОВА

Летняя школа в Швейцарии

Магистранты и докторанты кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии КазНУ приняли участие в научной летней школе, организованной Департаментом социальной и культурной Антропологии Цюрихского университета (Швейцария) «Исследовательские работы и теоретические вопросы в антропологии Центральной Азии».

Школа проходила с 1 по 14 июня 2013 года. Были prestушены лекции на темы: «Методы социальной и культурной антропологии», «Когнитивный метод наблюдения-участия», «Этнографические интервью», «Когнитивный метод анализа сетей и генеалогии», «Изучение центрально-азиатских обществ в антропологической перспективе», «Языки и идентификация: антропологический подход», «Молодёжь в идентификационной политике (ссылка на постсоветские страны)», проведены практические занятия.

Магистранты и докторанты обоих университетов представили свои научно-исследовательские работы, обменялись опытом и мнениями. Участники получили хорошие рекомендации от научно-преподавательского состава Цюрихского университета и сертификаты об участии в летней научной школе.

Зарина МУКАНОВА,
магистрантка 1 курса
факультета философии и политологии

Всемирно известная компания «Коника Минолта» открывает в КазНУ лабораторию передовых технологий

КЕМЕЛДІЛІК пен ҰСТАЗДЫҚ

Әлемдік тарихи қоғамдық сипатқа ие ұстаз қызметінің бағасыз, өлшеусіз мәнінің қаншалықты зор екенін бәрі де біледі. Сол ардақты ұстаз есімін биік көтеріп келе жатқан тұлғаның бірі – Қанипаш Мәдібай.

Қ. Мәдібай – ұстаздығымен қоса ғалымдықты қатар алып жүрген іздемпаз жан. «Зар заман» (1997) кітабында «зар заманның шер қайғының шырмауындағы байғұс хандардың» ойдан шығарған елесі емес, «зар заман – тарих ақиқаты» дей келіп, «зар заман әдебиетін егемендік алған кезеңде жаңаша бағытта зерттеуді қолға алды. Бұл – Қ. Мәдібайдың қазақ әдебиеті тарихындағы ғылыми-зерттеу концепциясын нақтылайтын, белді орнын анықтап беретін еңбектерінің сүбелі салаларының бірі. Студенттерге арналған оқулықтар, әдістемелік құралдардан бөлек оның әдеби сын саласындағы еңбектері бір төбе. Қ.Мәдібай З.Ахметов, М.Мырзахметов, З.Қабдолов, Т.Кәкішов тағы да басқа ғалымдар туралы да ғылыми зерттеулер, мақала, эссе үзбей жазып келеді.

Қанипаш Мәдібай «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Т. Драйзердің «Сестра Керриин», ағылшынның классик жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Р. Киплингтің «Шағын ертегілерін» қазақшаға аударды. Олар Қанипаш Мәдібайдың аударма саласындағы шығармашылық қызметінің жаңа бір қырын танытады. Аударма – оңай шағылатын жаңғақ емес, «Аяулы Керрииді» автор қазақ елінің «талғампаз», «сөз ұғарлық», «буынсыз тілінің» астарлы мың өрілген сыр-сипатын мөлдіретіп жеткізе білді. Сондай-ақ, ҚР 2007 жылғы 27 шілдеде «Білім туралы» заңын орындау мақсатында ҚР ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық деңгейде ұлттық рухта жаңа ғылым мен білім концепцияларын жетілдіру оны өндіріске өндіру сияқты қыруар шаруаның қақ ортасында өз замандастарымен бірге Қ. Мәдібайда өз үлесін қосып келеді.

Қ. Мәдібай – бүгінгі ғылыми ұстаздық мұратын өз университетінің биік мәртебесін көтеруге, студент жастарды білім концепцияларына машықтандыруға бағыттаған жан. Ол өз шәкірттеріне білім мен ғылымның заманауи сұраныстарын ар ұзданымен, бітім болмысымен ұстазға тән шығармашылық мархабатымен, ең бастысы, жан-дүниесімен сездіре алады.

Дина ӘЛКЕБАЕВА,
профессор

Дипломатиялық аударма кафедрасы – өз ісіне шыңдалған кәсіби ұжым. Кафедрада қызмет етіп жүрген жоғары білікті мамандар ғылыми зерттеу ісімен шұғылданады. Сонымен қатар тәрбие үдерісі де қызу жүзеге асырылып, студенттік өмір қызықты әрі сан-салалы өтуде. Кафедра оқытушылары студенттерді ғылым-білімге баулумен қатар, «Полиглот» төрт шет тілдері (ағылшын, неміс, испан, француз) клубында және мемлекеттік тілде ғылыми-танымдық «Шығыс әлемі», шешендік «Тура би» клубтарында дипломатиялық қасиетке баулуда. Факультет студенттері кафедрада оқытылатын 9 шет тілінің ішінен 2 тілді таңдап оқи алады.



Білім беру саясатының жаңа бағымдары

Кафедра оқытушылары «Германия-Орталық Азия әйелдер диалогы» Білім беру бағдарламасы; Орталық Азия-Германия елдерінің Альтенбюкен әйелдер білім беру орталығы және Ф. Эберт атындағы қор жобасы; жобаларды жоспарлау бағдарламасы: «Орталық Азиядағы адам құқығы және әлеуетті көбейту» шведтік агенттіктің (СИДА) халықаралық дамуы бойынша бағдарламасы; Р. Валленберг атындағы адам құқығы және гуманитарлық құқық институты ЕҚЫҰ Академиясы – Қырғызстан, Бішкек; демократия және плюрализм Жазғы институты: «Democracy: Media Regimes and Free Expression» Representation Gender in Culture»; АҚШ-тың демократиялық зерттеулер трансаймақтық орталығы, Нью-Скул, Нью-Йорк университеттері – Польша, Краков қаласы оқу бағдарламаларына белсенді қатысып және т.б. қазіргі уақытта тың жобалар жасау үстінде.

Дипломатиялық аударма кафедрасы Америка, Испания, Франция, Түркия, Германия, Жапония елдерінің орталықтарымен және шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық

орнатқан. Табысты достық қарым-қатынастардың арқасында студенттерді осы ел ғалымдарының жарияланымдары, инновациялық материалдарымен таныстыруға мүмкіндік береді. Өтілетін сабақ түрлері жоспарланғандай, студенттердің ғылыми жұмыстармен айналысу қызығушылықтарын арттырып ынталандырады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректорат мәжілісінде халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасы факультеттің үздік студенттеріне жыл сайын шәкіртақы тағайындайды.

Білім беру саясатының жаңа бағыты кәсіби білімді иеленумен қатар, халықаралық қатынастар саласында ірі жобаларды жүзеге асыра алатын шығармашыл мамандарды қалыптастыру.

Кафедра ұжымы осы мақсаттарға жетуге барлық күш-жігерін жұмсауда.

Алтынай БАЙТУКАЕВА,
халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі

Испокон веков простыми и ясными критериями воспитанности человека были Добро, Истина и Красота. Формируя специалистов нового поколения нашего независимого государства, мы опираемся на традиции казахстанского народа. В Послании Президента Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» подчеркивается необходимость формирования «нового казахстанского патриотизма как гордости за страну и ее достижения». Большое значение придается воспитательной работе в вузах нашей республики.

Современная педагогическая наука соединяет в себе традиционные и инновационные подходы в образовании и воспитании. Развитие, направленное на личность и ее интересы - ведущая траектория гуманистического подхода в обучении. Завоевывают свои позиции идеи средового подхода в воспитании личности. Мы говорим о новых стратегиях технологиях воспитания в школе и вузе. Умение сочетать национальные ценности и радость познания глобального мира в планировании воспитательной работы - лучшее решение для современности.

преподавателей университета, заряд позитивной энергии, дискуссии касаются насущных тем, умение с юмором воспринимать сложные проблемы и здорово их решать – это постоянные характерные черты ежегодных тренингов-занятий ШКЭ.

Активно в осеннем семестре преподаватели кафедры общей этнической педагогики участвовали в мастер-классах, проводимых в кураторских группах на факультетах. Каждый куратор-эдвайзер мог пригласить членов Школы провести тренинговый кураторский час

кто-то искал психологические «ключи» к своим студентам, кто-то приглашал на кураторские часы или предлагал организовать дополнительные тренинги для обмена опытом.

Другой проект Школы инициирован лучшим куратором-эдвайзером Эльмирой Когай. В своем выступлении во Дворце

президентом А. Кусановым, кафедрой педагогики проведен крутой стол по обсуждению результатов исследования «Воспитательный процесс глазами школьников» (доценты Н. Алгожаева, У. Толешова, старшие преподаватели К. Жумабекова, П. Абдуллаева), финансируемого акиматом г. Алматы.

ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ: из опыта Школы кураторов-эдвайзеров

По университету Школой кураторов-эдвайзеров проведено около 30 тренингов. Доценты У. Толешова, З. Садвакасова, преподаватель З. Ельбаева разработали творческие авторские тренинги, предлагающие новые подходы в организации кураторских часов, проведения адаптационной недели для первокурсников. Умение создать благоприятную теплую атмосферу во время тренингов, радость общения с коллегами, обмен опытом, выражение креативности и высокого интеллекта

в их студенческой группе. Как говорил Платон, «Вы можете узнать про человека больше, если поиграете с ним час, чем поговорите с ним год». Тренинговые кураторские часы помогали развивать коммуникативные навыки, умение презентовать себя, рефлексии действий и поступков, открывали студентской стороне. В течение года проводился еже-недельный консультационный час. Его посетило более 300 кураторов-эдвайзеров. Кто-то интересовался, как грамотно планировать кураторские часы,

студентов она предложила создать банк данных воспитательных разработок кураторов-эдвайзеров. Собран и готовится к изданию сборник сценариев кураторских часов преподавателей университета. Приглашаем кураторов-эдвайзеров присылать лучшие сценарии для включения в сборник.

Кроме работы с преподавателями университета, ШКЭ провела несколько выездных тренингов для воспитателей детского дома № 2 г. Алматы. Совместно с Академией педагогических наук,

В заключении, хочу поблагодарить кураторов-эдвайзеров за их благородное дело, желаю успехов в профессиональной деятельности и позитивного настроения. Двери Школы кураторов-эдвайзеров открыты для всех, уважаемые коллеги! Приглашаем вас к сотрудничеству и сотворчеству.

А.К. МЫНБАЕВА,
зав. кафедрой общей и этнической педагогики,
руководитель Школы кураторов-эдвайзеров

27 маусымда ҚазҰУ-да «Ағылшын тілі – әлемдік білім тілі: жаңа белестер мен жаңа өдістер» атты ғылыми-әдістемелік конференция өтеді

ЭКСПО - 2017 КӨРМЕСІ: САЯСАТ ПЕН СЕНІМ САЛТАНАТЫ

Қазақстан өз егемендік алған тарихынан бері сан тарапты экономиканың, тамырлы тарихының, мөлдір бұлақтай мәдениетінің, өрелі өркениетінің дамыған даңғыл жолын салып, келешекке анық айқын бағыт бағдар алып, оны тек өз елімізде ғана емес, Орта Азия, Америка, кәрі құрлық Еуропа елдерімен терезесі тең, керегесі кеңдей байланыс орнатып, алпауыт мемлекеттер санасатындай деңгейінде дамытып келеді. Жер жаһанның қай бұрышында болмасын, бүгінде Қазақ елі өзін жұрт сүйсінетін берекегі істердің бастамашысы ретінде өзінің сөзін мінберден анық айта алатын жағдайға жетті. Оның басы-қасында болып, саралы да салиқалы, сарабдал саясат жүргізіп отырған Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ерен еңбегі өлшеусіз екені мәлім. Жарқын жетістіктер мен сан тарапты даму қай жанды болмасын, тек жанына жылу беріп қана қоймай, келешекке деген сенімі мен болашағына деген үкілі үміт ұялатады. Азияны өз ұяға айналдырып, талай ұлт пен ұлысты бауырына басып, ауызбіршіліктің бірден

бір үлгісін танытып отырған Қазақстан бүгінде әлемдік деңгейдегі мәселелерді көтеріп, оған өз үнін қосып келеді.

Қазақ тарапынан туындаған идеялар бүгінде БҰҰ мінберінен айтылып, даусы Еуропадан естіліп келеді. 2010 жылы еліміз ЕҚЫҰ кезекті саммитін қабылдап, 56 елдің басшысын әлемдегі ХХІ ғасырдың жаңа астанасы Астана қаласына жиып, тұңғыш рет өз тарихында бұрын болмаған серпілісті жасады. Келбеті келіскен жиынның қазаққа берері мол болды. Араға аз уақыт салып, исламдық ұйымның тізгінін өз қолына алып, 57 мемлекеттің басшысын жиып, мұсылман әлеміне де өз айтары бар екенін тағы бір дәлелдеді. Спорттық шаралар қаншама елді танытқан. Көш мұнымен тоқтамады. Саралы соқпақтың ендігі сөзі ЭКСПО болмақ. Қазақстанның аталмыш көрмені өткізуге берген етініші өзге мемлекеттерден оқ бойы озып шығып, алдағы 2017 жылы оны өз Астанасында қабылдауға мүмкіндік алды. Қазақстан ЭКСПО-2017 көрмесінің тақырыбын энергиямен ұштастырып,

болашақтағы баламалы энергиялық бағдардың жобасын жасамақ.

EXPO-2017 халықаралық көрмесін Астанада өткізу - Қазақстанның негізгі жобаларының бірі. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы Мемлекет басшысы бастама көтерді. Ең алғашқы ЭКСПО көрмесі 1851 жылы Лондон қаласында өткізілген. 2012 жылғы 14 наурызда Мемлекет басшысы Қазақстанның елордасында ХҚБ-нің сарапшылар комиссиясымен кездесу өткізіп, оның аясында EXPO-2017 көрмесін өткізу біздің еліміз үшін ұлттық жоба болып табылатынын ерекше атап өтті.

EXPO-2017 ірі көрмесін өткізу әлемдік қоғамдастық үшін Орта Азия өңірінде көшбасшы ретінде танылған, жер аумағы бойынша дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекеттердің бірі, өз тәуелсіздігін алған 20 жыл ішінде инвестициялық орнықты климат, саяси және экономикалық дамудың жоғарғы қарқынын көрсетіп келе жатқан Қазақстан мемлекетінің жоғарғы беделінің көрсеткіші болады.



EXPO 2017
ASTANA
KAZAKHSTAN

EXPO көрмесін миллиондаған туристер тамашалайды, сондықтан әрбір ел өз мәдениетіндегі ұлттық өзіндік ерекшеліктерін танытатын және өздерінің экономикалық және технологиялық дамуының деңгейін бүкіл әлемге көрсетуге ұмтылады.

EXPO-ның қазаққа берері мол, ашар жолы сан тарау. Ол өзінің саясаты мен дамуы үйлескен қазақ елін тағы бір рет күллі әлемге паш етпек. Өзге мемлекетпен тәжірибе алмасып, әлем саясаты сахнасында тағы бір рет өз орнын алтын әріппен жазбақ. Бұл көрсеткіш жасампаздықтың жаңғырығы болып тарихта қалмақ.

Н.Ш. ӘЛЖАНОВА,
ф-м. ф. к., профессор

ЮВЕНАЛЬНЫЙ СУД: не наказать, а исправить

Ювенальная юстиция – это правовая основа западной модели системы учреждений и организаций, осуществляющих правосудие по делам о правонарушениях, совершаемых несовершеннолетними. В 70-е годы XIX века гражданами г. Бостон (США) было предложено судьям не применять наказания к несовершеннолетним, способным встать на путь исправления, а передавать их под присмотр органов попечительского надзора.

Система ювенальной юстиции – это сеть учреждений и организаций, совместно работающих с несовершеннолетними правонарушителями, деятельность которых осуществляется на основе законоположений и процессуальных норм, регламентирующих обращение с несовершеннолетними. Эти учреждения и организации включают в себя: полицию, суды, прокуроров, обвинителей, пенитенциарные учреждения, службу пробации и управление исправительных учреждений для несовершеннолетних. В отдельных государствах учреждения ювенального профиля представлены лишь судебными органами, в иных государствах, помимо судов, различными организациями, занимающимися вопросами детства и социальной защитой несовершеннолетних. Вместе с тем, центральным элементом системы ювенальной юстиции является ювенальный суд. В пределах своей компетенции он рассматривает уголовные, гражданские и административные дела, по которым одной из сторон является несовершеннолетний. К основным задачам ювенальных судов относятся защита детей и их реабилитация.

Казахстан первым среди стран СНГ сделал шаг, ставший логическим продолжением проводимой в республике последовательной государственной политики по защите прав несо-

вершеннолетних детей. Верховный Суд стал инициатором введения системы ювенальной юстиции и создания судов по делам несовершеннолетних. В августе 2007 года Указом Президента РК были образованы специализированные межрайонные суды по делам несовершеннолетних в городах Астана и Алматы.

Ювенальный суд – это, прежде всего, отход от карательного метода правосудия в отношении несовершеннолетних, принятие и соблюдение международных принципов права, попытка внедрения элементов восстановительного правосудия, где важно не покарать, а перевоспитать.

Ювенальный суд – это специализированный суд, тесно взаимодействующий со специальными службами системы профилактики как осуждение несовершеннолетних так и после судебного решения, независимо от того, идет ли речь об осуждении подростка за преступление, либо о защите его прав. Эффективное применение судом к несовершеннолетним, оказавшимся в конфликте с законом, вместо карательных реабилитационных, воспитательных мер возможно только при условии надлежащей работы соответствующих социальных служб, тесно взаимодействующих с ювенальным судом. Задача ювенального суда состоит в том, чтобы избежать

формального подхода к делу и добиться того, чтобы на каждом этапе совместной работы проявить заинтересованность в исправлении несовершеннолетнего.

Недавно в специализированном межрайонном суде по делам несовершеннолетних Алматы прошел день открытых дверей. В мероприятии приняли участие заведующая кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики профессор Р. Джансараева, преподаватели кафедры Д. Сатыбалдинов, Ш. Маликова, Б. Жугралина, М. Акболатова, А. Избасова, Е. Алимкулов, Е. Нурмаганбет, А. Арын, С. Дүзбаева, Л. Бисенгали, А. Базилова, председатель специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних г. Алматы Ж. Карибаев, судьи Г. Маратовна и Е. Касымбеков, а также студенты 1-3 курсов юридического факультета.

Целью встречи явилось проведение профессионально-ориентационной работы среди студентов факультета, формирование у студентов правовой культуры и правового воспитания, профилактика антиобщественного поведения. Студенты активно участвовали в беседе с судьями, задавали интересующие их вопросы, а также получили много полезной информации о ювенальной юстиции нашей страны. По словам председателя ювенального суда г. Алматы Ж. Карибаева, чаще всего несовершеннолетние совершают преступления по статьям “грабеж” – открытое похищение чужого имущества и

“разбой” – нападение с применением или угрозой применения насилия опасного для жизни. Данные преступления в основном совершаются в группе лиц с участием совершеннолетних. По статье 178 УК РК в 2012 году были возбуждены уголовные дела в отношении 57 человек, по статье 179 УК РК – 47.

При специализированном межрайонном суде г. Алматы создан специальный кабинет для проведения беседы с несовершеннолетними.

Кроме того, психологи проводят специальное исследование, составляют социально-психологический портрет ребенка и анализируют его отношения родителями.

В 2012 году в производство суда поступило 707 гражданских дел, из них 309 связаны с лишением и ограничением родительских прав.

Из 164 уголовных дел рассмотрено – 155, при этом осуждены 134 человека, из них 73 - несовершеннолетние.

Проведение мероприятия оказалось полезным и плодотворным как для преподавателей, так и для студентов юридического факультета.

В конце встречи студенты и преподаватели выразили свою благодарность участникам и изъявили желание почаще проводить мероприятия такого рода.

Б.А. ШОПАБАЕВ,
преподаватель кафедры
уголовного права, уголовного
процесса и криминалистики

По новой модели подготовки научных кадров в Казахстане 44 ученых КазНУ получили дипломы профессоров и докторов PhD

МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ

Мамандық – әрбір адамның болашағы, келешек өмірі. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Тегіңіз тап та бар қалам» деп айтылған сөздің мәнісінде үлкен мағына жатқандығын өскереке мамандықты дұрыс таңдаудың да жауапкершілігінің өз емес өмірді бағытауға болады.

Мен өз болашағымның баспадағым ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының «әлеуметтік жұмыс» мамандығын меңгеруден бастадым.

Бакалавриатта оқу барысында оқу және өндірістік тәжірибелерден ету кезінде өз білімімді бен тәжірибемді толықтыруға үлкен мүмкіндік болды. Оқу тәжірибесі барысында кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы біздің әлеуметтік қызметтердің атқаратын қызметтері, жауапкершілігі мен біліктілігі туралы білімімізді әрі қарай нығайта түсті.

Ал, өндірістік тәжірибе кезінде әлеуметтік қызметтердің мақты қандай жұмыспен айналысатындығын өз тәжірибемізде байқап көрдік. Студенттердің бірі қайта оңалту орталықтарында, бірі жетім балалар үйінде, ал өнді бірі қарттар үйінде жұмыс жасады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары қарастырылды. Мемлекет, әсіресе, дағдарыс жағдайында азаматтарға ең төменгі әлеуметтік стандарт кепілдігі беруге тиістілігі қадап айтылды. Ана мен бағананы жан-жақты қорғау қажеттілігі де қамтамасыз етіледі.

Ал өнді жұмыс істей алатын, жұмысқа қабілетті азаматтар жұмыс істеп, еңбекке белсене араласу керек. Бұл әлеуметтік қызметкерлердің ижелі міндеті және оған барынша амызбен атсалысамыз деп сенім білдіремін. Осы кезде мен қоғамға әлеуметтік қызметкерлердің ауадай қажет екендігіне және оларға үлкен жауапкершілік жүктелгендігіне тағы да көзім жетті.

Сондай-ақ, магистратураға түсу арқылы тәжірибе алмасу мақсатында 2 аптаға арналған «Әлеуметтік ғылымдарды өлшеудегі басқарудың қазіргі мәселелері» атты жаздық курсым Германия Республикасының Дюссельдерф қаласында болды. Онда арнайы кесте бойынша профессор Эдгар Хайневанның дәрісіне қатысып, оқу пимаратым араладым. Дәрісте басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістемесі, әлеуметтік жұмыстың менеджменті және т.б. қызықты мәселелері қарастырылды.

Демек, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-да магистратурада оқу барысында оғандық ғалымдармен қатар шетелдік ғалымдардың да дәрістерін тыңдап, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болдым. Бұл мүмкіндікті қажетті бағытта пайдалана білген әрбір магистранттың ғылыми шығармашылықтағы болашағы жарқын болады деп ойлаймын.

Сөз соңында барлық мектеп бітіруші түлектерді «әлеуметтік жұмыс» мамандығына білім алуға шақырамын. Себебі бұл мамандық адамдарды бірлікке, сабырлық пен мейірімділікке және көптеген пайдалы даядылар мен тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ғарбиелейді.

Салима СҮЙЕМБЕТОВА,
ФжСФ, әлеуметтану және әлеуметтік
жұмыс кафедрасының 2-курс магистранты

Ғылым жеңіске жетелейді

Экономикасы басқа дамушы елдерге қарағанда қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан Республикасының алар асулары әлі алда. Мемлекетімізде экономиканың деңгейі көтерілген сайын ел тұрғындарының әлеуметтік жағдайына басым назар аударылуда.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған игі шаралардың барлығы еліміздің әрбір тұрғыны үшін өз жемісін беріп жатыр десем, артық айтқандығым емес. Мемлекетіміздің экономикасын көтерудің бірден-бір жолы ол ғылым саласын мықтап дамыту.

Елбасы өз жолдауында атап өткендей, еліміздегі жаңадан ашылып жатқан зауыттар мен өндіріс орындарына жаңа инновациялық технологияларды тарту сонымен қатар еліміздегі ғалымдардың мәртебесін арттыру аса қажет. Осы бағытта атқарылып жатқан іс-шаралардың куәсіміз. Оның бір көрінісі – еліміздегі ғалымдарға үлкен мүмкіндік беріп отырған гранттық қаржыландыру. Демек, өзіңнің жүргізіп жатқан зерттеуіңнің еліміздің экономикасына тигізетін пайдасы болып, инновациялық жаңалықтарға толы болса, оның экономикамызға тигізетін әсері болса, қаржылық жағынан қиналмайсыз, мемлекет тарапынан қолдау табасыз.

Бұдан басқа да, елімізде ғылым саласына қатысты атқарылып жатқан игі бастамалар жетерлік. Соның бір айғағы ретінде жыл сайын Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен өткізілетін «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» атты гранттық қаржыландыруын атап өтсем болады. Бұл дегеніміз әрбір оқытушының үздік оқытушы болуға ұмтылуымен қатар оның ойлаған идеяларын жүзеге асыруына септігін тигізетін өте бір игі бастама. Әр жыл сайын университеттің оқытушылары, ғалымдары өз құжаттарын тапсырып нәтижесінде осы гранттың иегері атанып жатады. Осы гранттық қаржыландыруға мен де қатысып көрсем деген мақсатым «ЖОО Үздік оқытушы-2012» гранттық қаржыландыруды ұтып алуыма себепкер болды. Жоғары оқу орнының үздігі атану деген бұл өз әріптестеріңнің ортада сені бағалауымен қатар күн сайынғы және көп жылғы жасаған еңбегіңнің, бірден-бір жемісі деп білемін. «Грантты алу» – деген тек қана сенің еңбегіңді бағалау емес, басқа елдің ғылым өлемімен танысуға, шетелдік әріптестермен мағлұмат алмасуға үлкен мүмкіншілік беретін жағдай.

Жақын арада жылдар бойы зерттеп жүрген бағытым бойынша мамандандырылған кітап жазамын деген ойым бар. Сонымен қатар Қазақстанның экологиялық жағдайы мен табиғи ресурстарды сақтау бағытындағы мәселелер жөнінде студенттермен белсенді түрде жұмыс жүргізудемін. Студенттердің қоғамдық белсенділігі мен ізденісін арттыру – менің басты мақсаттарымының бірі.

Барша ҚазҰУ оқытушыларына қажымай-талмай еңбек етіп, жоғары жетістіктерге жете беріңіздер дегім келеді. Университет мүддесі мен ел игілігі үшін өткен еңбектеріңіз жемісті болсын!

Зура ЕСІМСЕЙТОВА,
биология және биотехнология факультеті
деканының орынбасары, 2012 жылғы
«ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегері



Звание “лучший” обязывает

Ежегодно МОН РК проводит конкурс “Лучший преподаватель вуза”. В 2012 году этого звания удостоились 19 представителей КазНУ. Его обладатели имеют возможность опубликовать учебные пособия, учебно-методические разработки, энциклопедические словари, монографии, научные статьи, принять участие в методологических семинарах и конференциях, а также выехать на стажировку в ведущие зарубежные университеты Европы.

По гранту “Лучший преподаватель 2012 года” мы планируем пройти повышение квалификации по теме кросс-культурных исследований, по вопросам преподавания социогуманитарных дисциплин в западноевропейских университетах, пройти языковые курсы в Англии, собрать научный материал по тематике научных исследований в зарубежных библиотеках ведущих вузов Европы, расширить международные связи нашего факультета.

За первую половину 2013 года нами получен сертификат участия в международной конференции по медико-психологическим проблемам при чрезвычайных ситуациях. Пройдено обучение в Академии постдипломного педагогического образования (Санкт-Петербург, Россия) по теме «Интерактивные методы в образовании и психологической помощи». Приняты к публикации тезисы доклада в международном психологическом конгрессе (Стокгольм, Швеция) с импакт-фактором, а также подано заявление о выдаче инновационного патента Республики Казахстан на изобретение.

З.Н. ИСМАГАМБЕТОВА,
профессор кафедры религиоведения и культурологии;
А.М. КИМ,
профессор кафедры общей и этнической психологии

28 маусымда ҚазҰУ өскери кафедрасы түлектерінің Отан алдында адалдыққа ант беру салтанатты рәсімі өтеді



Арманға жетелеген ұстазым

Адам баласы өмірге келген күннен бастап, әр нәрсені танып-білуге ұмтылады. Кішкентай сәби сөйлеуге, тәй-тәй басуға ұмтылса, білімге ұмтылған жастар әділдікке, еліне өзіндік бір пайда әкелуге, жаңалықтар мен жаңа технологиялар арқылы табуға ұмтылады деп ойлаймын. Осылай жастарды білімге баулып, тәрбие беріп жүрген, студенттерді әрқашан биікке жетелейтін білікті ұстаз химия ғылымдарының докторы, профессор – Баешова Ажар Қоспанқызы туралы айтқым келеді.

биік белестерді бағындыра алсам деген қиялға толы арман болды кеудемде. Алайда бұл арманым мектеп қабырғасында орындала қоймады. 11 жыл бойы білім алған алтын ұямнан самғап ұшып, көкке қанат қақтым.

Қазіргі таңда әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен бәсекелес, еліміздің көшбасшы университеттерінің бірі – Қазақ ұлттық университетінде өз білімімді шыңдап жатқаныма қуанамын. Үлкен мақтанышпен де айта аламын. Университетіміздің әрбір оқытушысынан дәріс алып, білімін толықтырған студенттің арманы жоқ шығар деп ойлаймын. Мектеп қабырғасындағы қиялға толы армандарыма университет қабырғасында өмірлік бағыт-бағдар берген, талай білікті мамандарды даярлаған жетекшім Баешова Ажар Қоспанқызымен ғылымның тура жолына бет алғандаймын. Ажар Қоспанқызымен жасаған әрбір ғылыми жұмысым мені шыңдай түсуде. Маған күш-қуат бергендей сезінемін. Көптеген белестерді бағындырған Ажар Қоспанқызы алдағы уақытта еліміздің түкпір-түкпірінен келген жастарды білім мен ғылымға тартып, бәсекеге қабілетті, білімді жастарды тәрбиелеп шығарады деп ойлаймын.

Өнегелі ұстазыма қызметте табыс, шығармашылық жетістіктер тілеймін. Әрқашан шәкірттерінің жеңісін көріп, арамызда аман-сау жүре бергей!

Ақмарал ҚОЖАНТАЕВА,
химия және химиялық технология факультетінің 3-курс студенті

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» бағдарламасы университетіміздің оқытушылары мен студенттерінің жүректеріне үлкен ізденіс пен шабыт ұялатып отыр. Бұл жоба бәрімізді де қуттандырып, ерекше ынталандырып жүргені баршамызға мәлім. Осы жоба аясында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының доценті, ф.ғ.к., Бақыткүл Ақшалаова Қазақстан Жазушылар одағында жас кетсе де, жасын жырларымен ел есінде мәңгі қалған жалынды ақын Төлеген Айбергеновты «Бір тойым болатыны сөзсіз менің...» атты поэзия кешін ұйымдастыруға ұйытқы болды. Ақынның поэзия кешіне Экнономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенттері, атап айтар болсақ, «Экономика» және «Қаржы» мамандықтары, сонымен қатар заң факультетінің студенттері атсалысты.

Тягылымы мол кездесу

«Бір тойым болатыны сөзсіз менің, Дәл қай күні екенін айта алмаймын», – деп жырлаған Төлеген Айбергенов көзінің тірісінде тойын көре алмай арманда кеткен, ерекше құбылысты ақын. Тал бойы ақындық дарын мен талантқа толған Төлеген Айбергенов бар-жоғы 30 жыл ғұмыр кешті. «Өлді деуге болмайтын», өлеңдерімен жасты да, кәріні де поэзиямен сусындатқан сағыныштың ақыны.

Студенттерді отансүйгіштікке, елжандылыққа ақын сөзімен тәрбиелеуге, қазақ поэзиясын насихаттауға, сөз қадірін білуге, тануға үйретуді мақсат еткен бұл кешті аталмыш кафедраның оқытушылары көрермен ретінде тамашалады. Әдеби кештің аса сыйлы қонағы болған, асылдың тұяғы, «Айбергенов әлемі» журналының бас редакторы, ақынның мұраларын жинастырумен, шығармаларын зерттеумен жүрген шын жанашыры, ф.ғ.к. доцент Салтанат Төлегенқызы Айбергенова арнайы шақырылды. Тыңдармандарға бөлек әсер қалдырған Салтанат Төлегенқызы кеште ақынның өмірі, шығармашылығы туралы есте

қалған қызықты әрі сығынышты сәттерді баяндап берді. Ақынның туған інісі Төлепберген Айбергеновтің қонақ болып келгені – кешіміздің ажарын кіргізгендей болды.

Бұл іс-шараға болашақ экономистер өте жақсы дайындалды. Ақынның өмірбаяны таныстырылып, өлеңіне жазылған «Атамекен», «Ақжайық» әндері орындалды. Студенттер поэзиядан сыр шертіп, қазақтың қара домбырасы ойналғанда, аудиторияға жаңа леп алып келгендей сезілді.

Өмірден ерте озса да, артынан өшпес із қалдырған, халық жадында мәңгі сақталатын ақынның өмірі мен әдеби әлемі ешкімді де назардан тыс қалдырған емес. Жоғарыда аталып кеткен «100 кітап» жобасы әлі де талай әдеби кештердің өтілуіне себеп болады деп ойлаймын. Алдағы уақытта оқытушылар мен студенттердің қанатына қанат бітіп, шабытына шабыт алып келетін іс-шараларымыз көп болсын.

Ақбота САЛҒАРАЕВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенті

Болашаққа беделді мамандықпен!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жастардың қоғамға қажетті, білікті, бәсекеге қабілетті маман болып шығуына үлкен жағдай жасалған. ҚазҰУ қалашығында орналасқан заманауи кітапхана, оқу корпустары, студенттер сарайы, спорт кешені, интернет-клуб, тамақтану орны, жатақханалар – мұның барлығы сабаққа алаңсыз дайындалып, мамандықты меңгеру үшін игі ықпал өтері анық.

Сондай-ақ озат студенттерге, көп балалы отбасынан шыққан студенттер мен мүгедек студенттерге арналған әлеуметтік көмек түрлері де қарастырылған.

Университетте барлығы 14 факультет бар екендігі баршамызға белгілі. Мен соның ішінде өзім білім алып отырған философия және саясаттану факультеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы туралы айтқым келеді.

Кафедрада әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандықтары бойынша бакалавриат және магистрлік бағытпен кең шеңберде қоғамның әлеуметтік мәселелерінің қазіргі әдістері мен зерттеу технологиялары; қазіргі тұлға теориялары; әлеуметтік-саяси бағдарламаларды модельдеу және жоспарлау, болжау, стратегиялық талдау; әлеуметтік менеджмент, медико-әлеуметтік жұмыс мәселелері бойынша терең білім беріледі.

Білім берудегі қызмет көрсету интеграцияланған жүйесі арқылы ҚР мемлекеттік қызығушылықтарын тиімді жүзеге асыруға көмектесетін инновациялық білім беру ортасын құру мақсаты болып табылатындықтан «әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасында қалыптасқан дәстүрлер мен практикалық тәжірибелер кеңінен қолданады.

Бұл бағытта кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы кафедра студенттерінің, магистранттары мен докторанттарының заман талабына сай маман болуына орай университеттің білім беру ортасын дамытуға бағытталған оқу-әдістемелік кешендерін пайдаланады.

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессорлық-оқытушы құрамы бізді тек білім нәрімен сусындандырып қана қоймай, ақыл-кеңестерін беру арқылы қолдап отырды. Осы мамандық бойынша бакалавриатта, магистратурада оқу барысында тұлғалық құндылықтарымыздың, әлеуметтік іс-әрекеттеріміз бен мінез-құлқымыздың дамып, нығайғандығына кәміл сенім білдіремін. Әрине, оған біріншіден, профессорлық-оқытушылардың, екіншіден, «әлеуметтік жұмыс» мамандығының өзіндік ерекшелігі, ал үшіншіден, өзіміздің ұмтылысымыз ықпал етті деп ойлаймын.

Қорыта келе, барлық мектеп бітіруші түлектерге болашаққа беделді мамандықпен, яғни «әлеуметтік жұмыс» мамандығымен жол бастауды ұсынамын!

Динара КҮЗЖАНОВА,
ФЖСФ, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының 2-курс магистранты

Благодарность моему университету

В послании народу «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» Президент Нурсултан Назарбаев особое внимание уделил молодежи, которая является основной движущей силой прогресса. Для того, чтобы внести свой вклад, молодежи Казахстана, необходимо качественное образование. Для поддержки талантливейшей молодежи государство каждый год выделяет образовательные гранты. К примеру, в 2013 году из областного бюджета выделено около трехсот миллионов тенге.

Также в университетах для поддержки студентов ежегодно выделяются именные стипендии. На факультете географии и природопользования КазНУ с 2011 по 2013 год было присуждено 13 именных стипендий, 6 из них были выделены на кафедре географии, землеустройства и кадастра.

Поэтому я хотела выразить благодарность кафедре географии, землеустройства и кадастра за именную стипендию академика Инженерной Академии РК, лауреата государственной премии, доктора технических наук, профессора Самархана Сайболатова,

которой я была удостоена за отличные успехи в учебе и активное участие в общественной жизни факультета и университета.

Послание президента является основным документом развития нашей страны, и мы, молодежь, должны приложить все усилия, чтобы реализовать идеи, заложенные в нём, и оправдать высокое доверие нашего лидера.

Учась в КазНУ, я могу получать знания от лучших профессоров нашей страны, а также заниматься общественной деятельностью, что мне очень нравится.

Мне бы очень хотелось, чтобы наши студенты принимали активное участие в жизни университета, имея при этом отличную успеваемость, получали награды за свои заслуги. В нашем университете есть хорошие возможности для получения различных стипендий и грантов, ведь многое зависит от нас самих.

А. ЖАРМАГМБЕТОВА,
студентка 3 курса факультета географии и природопользования

1985 жылы 19 маусымда шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті (қазіргі ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті) ашылды

ӘМБЕБАП СТУДЕНТ

Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Еліміздің ертеңі, жарқын болашағы білікті де, білгір жастардың қолында. Болашағынан көп үміт күттіретін жастардың бірі – филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы Дина Кадерова.

Дина Батыс Қазақстан облысы Бөкейорда ауданы, Сайқын ауылында 1992 жылы 5 тамызда дүниеге келген. Оқушы кезінің өзінде-ақ Дина сабағын жақсы оқып қоймай, мектеп қабырғасында өтілетін мерекелік іс-шараларға ұйытқы болды. Ата-анасының үкілеген үмітін ақтап, ұлағатты ұстаздардың сеніміне ие болған Дина 2010 жылы өзі оқыған орта мектепті үздік тамамдап, «Алтын белгі» иегері атанды. Бүгінде Дина – ҚазҰУ студенті.

Ол «Сұңқар» студенттер кәсіподағының, «Көмек» еріктілер қозғалысының белсенді мүшесі. Студент атанған алғашқы күндерден бастап Дина университет аясында өткізілген қоғамдық істерге де белсенді түрде араласуда.

Динаның өзгелерді сыйлай алатын, өзінікі дұрыс емес болған жағдайда өз қателігін мойындай алатын қасиеті оның ақылды, қарапайым, кішіпейіл екендігін танытады. Сонымен қатар, Динадағы мейірбандық, ақкөңілділік, бауырмашылдық қасиеттер де өте жоғары деңгейде. Дина әрдайым айналасындағы адамдарға, құрбы-құрдастарына қол ұшын беруге, жақсылық жасауға дайын тұрады.

Уақыттың қадірін жете түсінетін, әр минутын бос өткізбегуге тырысатын Дина оқуын да озат оқиды. Ол жыл сайын өтетін «Ғылым әлемі» атты халықаралық ғылыми конференцияға бірнеше мәрте қатысып, жүлделі орындарды иеленді. «Лига женщин творческой

инициативы», «Союз опекунов Казахстана» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Голос ребенка» атты қалалық форумға да қатысып, сертификат иеленеді. Өзіне тапсырылған іске зор ынтамен кірісетін еңбекқорлық қасиетінің арқасында Динаның жеткен жетістіктері аз емес. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының сөзімен айтқанда, қазіргі заман – өзіне сенетін, арманы мен осы арманын іске асыруға ерік жігері бар дарынды, қажырлы адамдардың уақыты екені анық. Ендеше, өскелең ұрпаққа үлгі боларлықтай жақсы қасиеттерді бойына жинаған, мақсаттары айқын, болашағына деген сенімі мол Дина секілді қажымас қайсар жастарымыз көп болса еліміздің болашағы жарқын болары анық.

Ақбота СЕРІҚАЗЫҚЫЗЫ,
филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті



БАЙГЕ!
БАЙГЕ!
БАЙГЕ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің жанынан құрылған «Ай – Ару» рухани танымдық студент қыздар орталығының ұйымдастыруымен қыркүйек айының 27-ші жұлдызында «Әлемнің Әуезові» атты республикалық шығармашылық сайыс өтеді. Сайысқа республикамыздың ЖОО студенттері қатыса алады.

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясындағы білім бәйгесі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығы құрметіне орай жарияланып отыр.

Сайыс шарттары:

Әр университеттен 2 студент болып жасақталған командалық топ қатыса алады.

Бірінші кезең – эссе жазу. Эссе тақырыбы М. Әуезовтің шығармашылығына қатысты болады.

Екінші кезең – тест сұрақтары. Бұл кезеңге эссе жазудан суырылып шыққан командалар қатыса алады. Студенттерге Әуезов әлеміне қатысты 25 сұрақтан қойылады. Ескерту! Қатысушыларға сұрақтар қайталанып келмейді.

Үшінші кезең – тірек сөздер бойынша сөйлеу. Бұл кезеңге де алдыңғы сайыстардан сүрінбей отқандар командалар іріктеліп қатыстырылады. Білім, біліктілік өресі бойынша жеңімпаз топ анықталады. Нәтижесінде 2013-2014 оқу жылына ең үздік қатысушыға шәкіртақы тағайындалады. Соңғы айналымға жеткен студенттер арнайы диплом, сәттілік тілегімен марапатталады.

Ұйымдастыру комитеті:

«Ай – Ару» рухани танымдық студент қыздар орталығы

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ студенттік кез

Бала кезімнен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Әлеуметтану» мамандығына түсуді армандадым. Еліміздегі өзекті мәселелер бойынша өзімнің зерттеулерімді жүргізіп, өліміздің өлеуметтік дамуына септігімді тигізу мен үшін бақыт болар еді. Ұлттық бірыңғай тестіні жоғары балмен тапсырған соң, арман қуып Алматыға ҚазҰУ-ға келдім. 2012 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне мемлекеттік грантпен әлеуметтану мамандығына оқуға түстім. Арманым шынайылыққа айналды...

ҚазҰУ-да профессорлар мен докторлардың дәрістерін тыңдап, білім нәрінен сусындадым. Университетте оқумен қатар, студенттердің ғылыми зерттеу, шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуға, бос уақытын сапалы ұйымдастыруға ерекше назар аударылады. Университеттегі, факультеттегі өзекті мәселелер бойынша социологиялық зерттеу жүргізу, өз білімімізді шыңдау үшін «Әлеуметтану және өлеуметтік жұмыс» кафедрасы қарамағындағы ғылыми-зерттеу бағыттағы «Социум» клубының мүшелігіне жазылдым.

Клубта аз уақыт ішінде бірнеше іс-шаралар жүргізілді. Атап айтсақ, биылғы оқу жылында «әлеуметтанушылар» күніне арналған акция ұйымдастырылып, мұнда өлеуметтанушылардың өз мамандықтарын жетік меңгеру мақсатында әр түрлі сұрақтар қойылып, барлығына «Социум» атты тәттілер таратылды. Сондай-ақ, «әлеуметтану»



мамандығы бойынша Республикалық пән олимпиадасына клуб мүшелерінен команда құрып, «Жарнаманың тұлға санасына әсері» атты тақырыпта өз жобамызды қорғадық. Алғырлық, белсенділік танытып, 6 команда ішінен топ жарып, жүлделі 1-орынды иелендік. Бұл бізге үлкен мақтаныш сезімін ұялатты.

Осы клубтың ұйытқы болуымен «Кәусар» атты балалар үйіне барып, 11 мен 16 жас аралығындағы балаларға қызықты ойындар ұйымдастырып, өзіміздің кішігірім сыйлықтарымызды тарту еттік.

Алдағы уақытта да көптеген іс-шаралар ұйымдастырып, «Социум» клубын жоғары белестерге көтеріп, көптеген жеңістерге жетеміз деген сенімдеміз.

Әсем АЛДАНҒАРҚЫЗЫ,
ФЖСФ, әлеуметтану және өлеуметтік
жұмыс кафедрасының
«Социум» клубы мүшесі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягул ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 10636

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.